

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ жылғы « \_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажиліс Парламента  
« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2024 жылғы 17 сәуірде жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
О.А.Бектеновке

### Депутаттық сауал

Құрметті Олжас Абайұлы!

**Ағайын, апат айтып келмейді.**

Дәл қазір еліміз – ел аман, жұрт тынышта терең әлеуметтік дағдарысқа тап болды.

Бүгінгі топан су – Қазақстандағы 30 жыл бойы қалыптасқан даңғазалық, волонтаризм мен көзбояушылықтың шынайы көрінісі. **Бұл факт!**

**Халқымыз психологиялық, әлеуметтік, экономикалық орны толмас ауыртпашылыққа тап болды!**

**Бұл оқыс оқиға еліміздегі жергілікті басқарудағы жүйелі проблемалардың бар екенін айқын көрсетті.**

**Әлем табиғи тәуекелдер дәуірін бастан кешуде.**

**Аталған тәуекелдерге жауап берудің мемлекеттік тетіктерін жасау керек.**

Сондықтан, бізге аудандық, ауылдық деңгейдегі мемлекеттік басқарудың басымдықтарын қайта қарау маңызды.

Мысалы, облыс, аудан әкімшіліктеріне қосымша құзырет бере отырып, инфрақұрылым, халық шаруашылығын ұтымды реттеу үшін шаруашылық бағыттағы децентрализация қажет. Әрбір әкім өңірдің коммуналдық-шаруашылық мәселелерін реттеу үшін, дербес шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Ең кемі, олардың дербес иелегінде коммуналдық техника мен шаруашылыққа бағытталған арнайы өз тікелей бюджеті болуы тиіс.

Инфрақұрылым, тазалық, жергілікті жолдарды салу-жөндеу, кішігірім плотина, тоғам, ирригация жүйелерін салып, жөндеу мәселелері бойынша әкімдіктерге қосымша құзырет беру маңызды.

Қазір, аудандық әкімдер шешім қабылдауда қорқады. Өйткені, табжылып кетсе, ертеңінде прокуратура, компетентті органдар келеді. Соның салдарынан, бүгінгі жағдайда мемлекет жүздеген миллиард шығынға батып отыр.

Сондықтан, қоғамдық бақылау тетіктерін күшейтіп, Мәслихаттардың рөлін арттыра отырып, әкімдерге тиімді әрі ашық жұмыс істеуге жағдай жасау қажет.

Құзыретті бере отырып, бюджеттік бағдарламаларды да беру қажет. Қазір кей кездері құзырет болса да, аймақтарда бюджеттік бағдарлама жоқ болғандықтан, қаржы министрлігі тиісінше қаржы бермейді.

Оған қоса, жергілікті мәселеге аудан немесе ауыл әкімі тікелей жауапты. Бірақ, ең шалғай ауылдағы бөгеттер мен тоғамдар «ҚазСуШар»-дың балансында.

Қазақстанның басым көпшілігінің облыс, аудан, алыс ауылдардағы кішкентай тоғам, бөгет, гидроузелдердің барлығы солардың меншігіне өткен.

Ал «ҚазСуШардың» аудандық деңгейде шаруашылықты дөңгелетіп әкетуге мұршасы жетпейді. Техникасы да, адамдары да жоқ.

Су шаруашылығы саласында аудандық, облыстық деңгейде су ресурстарын басқаратын коммуналдық кәсіпорындар ашу керек. **Жергілікті ауданадық коммуналдық кәсіпорын жергілікті маңызы бар тоғам, бөгет, гидроузелдерді өз балансына алуы қажет.**

Оларды қажетті техника, білікті кадрлармен қамтамасыз етіп, жергілікті гидро-құрылымдарды дамытуға күш салу маңызды.

«Казводхоз» республикалық деңгейде стратегиялық маңызы бар нысандарды ғана басқаруы тиіс.

**Бұл тек бастапқы қадамдар!**

Климаттың жаһандық өзгеруіне байланысты төрткүл дүниеде табиғат, техногендік қауіптер мен тәуекелдер артып отыр. **Бұл әлемдік проблема.**

Осы әлемдік проблемадан қорғану үшін Қазақстанға бюджетті, басқару тетіктерін қайта қарау бірінші кезектегі міндет!

**Құрметпен,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары**

**Е.Саиров  
Е.Бейсенбаев  
Н.Тау  
Ү.Шапак  
Қ.Абден  
М.Толықбаев  
Е.Әбіл  
Б.Керімбек  
Ж.Амантайұлы**